

Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның
есептеріне қатысты
ҚР Парламенті Сенатының
жалпы отырысындағы
ҚР Ұлттық Банкі Төрағасы Т. Сүлейменовтің
баяндамасы
Астана қ., 2025 жылғы 19 маусым

Құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті депутаттар!

Алдымен сыртқы экономикалық жағдайға тоқталып өтейін. Одан кейін өткен жылдың негізгі макроэкономикалық нәтижелеріне көшуге рұқсат етіңіздер.

1. Өткен жылы жаһандық экономикаға бірқатар **геосаяси фактор** әсер етті. Олардың ішінде **әскери қақтығыстар, ірі державалар арасындағы** шиеленіс, **әлемдік саудадағы** өзгерістер бар.

Ірі державалардың сауда саясаты әлемде белгісіздікті күшейтті. Қаржы және тауар нарықтарында құбылмалылық артты. Халықаралық валюта қоры саудадағы жаңа шектеулердің теріс әсерін **әлемдік жалпы ішкі өнімнің (-)0,5 проценттік тармақ** мөлшерінде бағалады.

2. Сыртқы жағдайдың тұрақсыздығына және мұнай бағасының төмендеуіне қарамастан Қазақстан макроэкономикалық тұрақтылықты сақтап қалды.

Экономика **4,8%** өсті. Экономикалық өсім барлық негізгі салада тіркелді.

Негізгі капиталға салынған **инвестициялар 7,5%** ұлғайды.

Жұмыссыздық деңгейі **4,7%** болды.

Республикалық бюджеттің **тапшылығы** жалпы ішкі өнімге шаққанда **2,7%** құрады.

Банк секторының активтері 19,7% ұлғайып, **61,6** трлн теңге болды.

Бұл – атап өтерлік көрсеткіштер және ол экономика мен қаржы жүйесінің орнықтылығын көрсетеді.

3. Өткен жылы Ұлттық Банктің саясаты мен Үкіметтің кешенді шаралары арқасында елде **инфляция** бір жыл бұрынғы 9,8%-тен **8,6%** дейін төмендеді.

Өткен жылдың бірінші жартысында Ұлттық Банк 2023 жылы бастаған базалық ставканы төмендету циклін жалғастырды. Өткен жылғы қаңтар-шілдеде базалық ставка **15,75%-тен 14,25%-ке** дейін **150 базистік тармаққа** төмендеді.

Өткен жылдың екінші жартысында сыртқы сектор мен ішкі экономика жағдайының салдарынан бағаға қысым күшейді.

Инфляция бірқатар факторлардың ықпалынан өсті, олар:

- **сыртқы** тұрақсыздық;
- **мұнай** бағасының төмендеуі мен валюта бағамындағы ауытқулар;
- инфляциялық **күтулердің** артуы;
- **фискалдық** ынталандыру аясындағы тұрақты ішкі **сұраныс**;
- **тұтынушылық кредиттеудің** жоғары қарқыны;
- коммуналдық **тарифтердің** және **жанар-жағармай** бағасының өсуі, **салық** саласында күтілетін **өзгерістер**.

Осындай жағдай аясында Ұлттық Банк **дезинфляциялық**

ақша-кредит саясатын ұстанып келеді. Өткен жылдың соңында Ұлттық Банк базалық ставканы **15,25%-ке** дейін және биыл **16,5%-ке** дейін көтеру туралы шешімдер қабылдады.

Оған қоса, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкіметпен бірлесіп белсенді жұмыс жүргізіп отырмыз. 2025-2026 жылдарға арналған **инфляцияны бақылау және төмендету бойынша шаралар кешенін** жаңарту жұмысын қолға алдық. Жалпы инфляцияға қарай **баға реформаларының қарқынын реттеу** бойынша түсінушілік бар.

4. Өткен жылы **валюта нарығында** Ұлттық Банк **икемді бағам саясатын** жалғастырды. Бағам **автоматты түрде тұрақтандыратын құрал** ретінде қызмет етіп, экономиканың орнықтылығын сақтауға көмектеседі.

Өткен жылы теңгенің айырбастау бағамы **15,5%-ке** әлсіреді. Бағамның құбылуына негіз болған факторлар:

- **доллардың** жаһандық нығаюы,
- ірі сауда серіктесіміз боп келетін елге қарсы **санкциялардың** жаңа пакеті,
- негізгі экспорттық позициялар бағасының **құбылмалы болуы.**

Ішкі факторларды айтатын болсақ, **фискалдық** ынталандырудан және **төлем балансының** тапшылығынан **валютаға сұраныстың** артуы әсер етті. Валютаға сұраныстың көп болуы KASE-де сауда көлемінің **50%-ке**, яғни **55 млрд долларға** дейін өсуінде көрініс тапты.

Теңге әлсіреген кезде Ұлттық Банк валюта нарығын тұрақтандыру үшін **бірқатар шара** қабылдады:

1) Біріншіден, өткен жылғы қараша-желтоқсанда жалпы көлемі **1,4 млрд** доллар болатын **валюталық интервенция** жүргізілді.

2) Алтын сатып алу операцияларында **монетарлық бейтараптылық** саясатқа көштік. Бұл алтын сатып алуға жұмсалған **3 трлн** аса теңгенің эмиссиясын қайтаруға мүмкіндік берді. Биыл шетел валютасының ұсынысын **6,5-7** млрд долларға арттырады. Бұл ішкі валюта нарығын баланста ұстауға да әсер етеді.

3) Үкіметпен бірлесіп, квазимемлекеттік сектордың валюталық түсімінен **50%-ін міндетті түрде сату** талабын жаңартты. Оған қоса валюта нарығында квазимемлекеттік сектордың операцияларын үйлестіруді күшейттік.

4) Банктер мен валюта нарығының басқа қатысушылары үшін **комплаенс** пен валюталық операциялардың **мониторингі** күшейтілді.

Осылайша, қазіргі валюта нарығындағы жағдай – тұрақты.

5. Отандық қаржы жүйесі мен ұлттық валютамызға сенім көрсеткіші ретінде 2024 жылы **депозиттер рекордтық 41,3 трлн** теңгеге жетті. **Долларландыру 22,5%** деңгейіне дейін төмендеді.

Ұлттық қорға **3,8 трлн** теңге **қаражат түсті**.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке **5,6 трлн** теңге трансферт бөлінді. Одан басқа Үкіметтің шешімі бойынша бюджетті қаржыландыру үшін Ұлттық қорға «Қазатомөнеркәсіп»

ұлттық атом компаниясының» акцияларын **467 млрд** теңгеге сатып алдық.

Стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін, оның ішінде «Достық-Мойынты» теміржол желісі мен «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбырын салу жобалары үшін **238 млрд** теңгеге «Самұрық-Қазына» облигациялары сатып алынды.

Кәсіби инвестициялық стратегияның арқасында Ұлттық Банк **4,6 млрд** доллар немесе **7,6% оң инвестициялық табыс** тапты.

7. Өткен жылы **алтын-валюта резервтері 9,9 млрд долларға** өсіп, **45,8 млрд долларды** құрады. Осы жылы олар өсу үрдісін жалғастырып, мамыр соңында **52,6 млрд долларға** жетті.

8. Ұлттық Банктің басқаруындағы **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері** өткен жылы **22,4 трлн** теңгеге дейін өсті немесе **4,6 трлн** теңгеге ұлғайды. Инвестициялық кіріс **3,4 трлн** теңгені құрап, 2023 жылмен салыстырғанда **2 есе өсті**.

Өткен жылы зейнетақы активтерінің **кірістілігі 17,8%** болды.

9. Өткен жылы **бизнеске берілген кредиттер 18,2 трлн** теңгеге дейін немесе **17,2%-ке** өсті. Өсімге негізгі үлес қосушы тарап – екінші деңгейлі банктер. Олар өз портфелін **16,3%-ке** арттырды.

10. Қазақстанның төлем нарығы қарқынды дамып келеді. Өткен жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы Қазақстандағы барлық **қолма-қол ақшасыз төлем айналымының 89% өңделді**, бұл дегеніміз – күніне **5,9 трлн** теңге. Төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігі және

сенімділік көрсеткіші **99,96%** болды, бұл озық әлемдік практикаға сай келетін көрсеткіш.

Құрметті депутаттар!

Осылайша, еліміздің экономикасы мен қаржы жүйесі өзінің тұрақтылығын көрсетіп, жақсы нәтиже беріп отыр. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының реформаларын жүйелі түрде жалғастыру қажет екенін түсінеміз.

Осыған байланысты Ұлттық қордан бөлінетін трансферттерге бюджеттің тәуелділігін төмендетіп, фискалдық тұрақтылықты арттыру үшін жаңа **Бюджет кодексі** қабылданды. Жаңа **Салық кодексі** жақын арада қабылданады деп үміттенеміз.

Жүйелі шаралар **бюджеттің өз табысын** көбейтуге, фискалдық саясатты монетарлық саясатпен **үйлестіру ісін** арттыруға және инфляциялық қысымды төмендетуге көмектеседі.

Ұлттық банк пен Үкімет 2025-2026 жылдарға арналған **инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін** жаңартуда. Жақын арада мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қамтамасыз ету және макроэкономикалық саясаттың теңгерімділігін арттыру жөнінде **Жол картасын** бекітуді жоспарлап отыр.

Ұлттық Банк **макроэкономикалық тұрақтылықты** және елдің **дамуын** қамтамасыз ету үшін Үкіметпен бірлесіп белсенді жұмысты жалғастырады.

Банк экономиканың ұзақмерзімді, сапалы және инклюзивті өсуіне үлес қосу үшін **бағаға және қаржы тұрақтылығына** баса назар аударады.

Инфляцияны тұрақтандырып, халықтың **нақты еңбекақысы мен табысын** арттыру арқылы **азаматтардың әл-ауқатын** жақсарту үшін Үкіметпен тиімді жұмыс жасауды жалғастырамыз.

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің қаржы заңнамасы бойынша ауқымды реформалар топтамасы әзірленіп жатыр. Бұл топтамада банктер, төлемдер, бағалы қағаздар нарығын дамыту және басқа да мәселелер қамтылды. Оған қоса **Цифрлық қаржы активтерін** реттеуді және **Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын** енгізуді жоспарлап отырмыз. Яғни, **төлем нарығын** одан әрі дамыта түсеміз.

Аталған шаралар қаржы секторының ел экономикасы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қосатын үлесін күшейтеді деп сенеміз.

Назарларыңызға рақмет!